

литическая ситуация, рациональное и планомерное государственное строительство являются основными итогами проведения демократических преобразований. Это позволяет, в свою очередь, дальше продолжать эффективное осуществление государственных реформ. Кроме того, постоянные инициативы Казахстана по укреплению согласия способствуют поддержанию мира и в других странах.

Сегодня в Казахстане созданы и эффективно функционируют ключевые институты демократии и гражданского общества: Государственная комиссия по разработке и конкретизации программы демократических реформ в РК, Ассамблея народа Казахстана, Национальный совет и др. Деятельность всех этих структур сосредоточена на развитие стабильного общества, в котором отношения между гражданами, их коллективами и государством вырабатываются путем консенсуса.

Благодаря достигнутому прогрессу, перед Казахстаном открылись новые горизонты возможностей. На нынешнем этапе политических преобразований в Казахстане увеличивается потребность в дальнейшей демократизации политической системы, выработке системного подхода к осуществлению новых политических реформ и придании им динамики. Причем эта потребность начала приобретать все более оформленный системный характер [5].

Таким образом, за практически 20 лет поступательного развития Казахстан достиг значительных успехов в реформировании экономики и политической системы. Народ Казахстана сумел достойно преодолеть многие трудности периода формирования новой государственности.

Сегодня в Казахстане наблюдается реальное улучшение ситуации во всех сферах жизни общества, что способствует активному росту международного авторитета страны.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М.: «Юристъ», 1997.
- 2 <http://works.tarefer.ru>
- 3 <http://dp-adilet.kz/ru/811.html>
- 4 <http://www.atkspb.ru/699.html>
- 5 <http://www.analitika.org/article.php>

Түйін

Осы мақала Қазақстанның жаңа саяси және құқықтық жүйесінің ынталы жұмыс бойынша, тұрақтылықты демократиялық қоғамына діндеген берік жылдар туралы әңгіме береді.

Conclusion

In given article will go the speech about year stubborn, tense work on shaping new political and legal system Kazakhstan, targeted, including, on developed democratic society.

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Жармухамбетова Э.Т.

Егеменді ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы процессінде (бұрынғы КСРО территориясында), қоғам дамуының қазіргі кезеңінде көрсетілген аймақтың жергілікті халықтарының тарихы мен тарихи-мәдени қарым-қатынастарын танып білу құралы ретінде тарихи ғылымның маңызы арта түсті.

Дамудың түрлі кезеңдерінде болған бұл халықтардың арасындағы этномәдени байланыстарды зерттей келе, ғалымдар терең тарихи тамырларының баршалығын дәлелдейді, және де бұл ортақ тамырларының қазіргі кезеңге дейін ұлттық ерекшеліктеріне байланысты өнерде, тілі мен мәдениетте, тұрмыста байқалатынын атап көрсетеді.

С.У. Таймасовтың айтуы бойынша ежелгі кезеңде және ортағасырларда Еуразия даласында болған бұл процесстерді «байланыстар», «өзара қатынас» деген түсініктермен сипаттауға болмайды. Ол ғұн дәуірінен басталып Алтын Орданың құлауына дейін болған, шамамен XV-XVII ғғ. аяқталған этносаяси және этномәдени өзара байланысқан күрделі процесстер [1]. Және осы процесстер нәтижесінде бұрынғы әйгілі империя территориясында бірқатар түркітілдес этностар мен этносаяси ұйымдастықтар пайда болды, олардың орналасуы мен этномәдени дамуының тарихи-мәдени облыстарының негізгі кескіндері қалыптасты: Поволжье, Приуралье, Қырым,

Солтүстік Кавказ, Орта Азия, Қазақстан, Оңтүстік және Батыс Сібір [2].

Этникалық қалыптасу процессінде көптеген түрік халықтарының қалыптасуына қатысқан тайпалар башқұрттар құрамына да кірді. Осындай тайпалардың бірі, өзінің пайда болуы бойынша монғолдармен байланысы бар Тамьян мен Байлар. Тарихшылардың пікірі бойынша, монғолдың Тума тайпасы мен қазақтың Тама руы арасында генетикалық байланыс бар, ал соңғысы болса, башқұрттардың Тамьян тайпасымен этникалық туыстықта. «Кіші жүзді үш негізгі ру құрастырады-әлімұлы, байұлы, жетіру» деп жазады Ш. Құдайбердыұлы [4]. Ал Башқұрт шежіресінен біз XIV-XVI ғғ. оңтүстік-шығыс Башқортанда жеті тайпа одағының баршалығын көреміз. Оған Бурзян, Тамьян, Тангаур, Усерган және Қыпсақ тайпалары кірген. Бұл бірлестік Башқортан тарихына Ете ырыу деген атаумен кірді [3].

Ұлы жүздің Қоңырат тайпасындағы байлар этнонимы, башқұрттарда да кездеседі. А. Левшиннің жазуы бойынша, қазақтың Қоңырат тайпасының құрамында Байлар-Жанжар руы болған [5].

Ал башқұрттардың Бурзян тайпасына тоқталатын болсақ, олардың құрамында Кіші жүздің жағалбайлы руына жақын, ежелгі Яғалбай руы бар екенін айтқан жөн. Сонымен бірге, бурзян құрамында 11 «казак» бөлімшелері табылған.

Шынымен де Оңтүстік Орал мен Қазақстан халықтарының тарихи тағдырының бірлігі жүзжылдықтар бойы байқалады. Жалпы казак пен башқұрт халықтарының қалыптасу мен даму тарихында ортақ элементтер көп. Қыпшақ элементі осы екі халықтарының құрылымдарында бар. Башқұрт халқының құрылуында түркітілдес халықтардан басқа фин-угор тайпаларының қатысуы осы халықтардың айырмашылығы болып табылады. Жалпы қазақтың кішігірім топтарының башқұрт ортасына енуі XVIII ғ. бойы жалғасып, XIX ғ. ортасына қарай ғана аяқталды. Қазақтардың рулық құрамдарын зерттей келе, башқұрттарда да кездесетін атаулары бір тайпалар мен руларды көреміз: табын, тама, тилау, таз, тана, керейт, жағалбайлы, қаңлы, маскар, дулат, үйсін, уақ, керей және т.б. Ал башқұрттардың ру-тайпалық құрамын зерттей келсек, башқұрттардың рулық бөлімшелері арасында «казак» этнонимының кең таралғанын көреміз.

«Қазақ» этнонимының таралуы, біріншіден сыртқы қауіптің, өзара тартыстар мен басқа да апаттар нәтижесінде кейбір қазақ тайпаларының Башкирияға орын ауыстыруымен түсіндіріледі. Сол сияқты, қазақ ортасында да «башқұрт» этнонимының баршалығын, өзара тартыстар себебімен башқұрттардың негізінен Батыс Қазақстан территориясына орын ауыстыруымен түсіндіреміз. Екіншіден, территорияның жақындығы және қазақтар мен башқұрттардың мәдени-шаруашылық жақындылығы нәтижесінде ұлттық-аралас некелердің пайда болуына әкелді.

Ал қазір қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын сипаттайтын бірнеше оқиғаны қарастырайық. 1709 жылы көтеріліс басшысы Алдар Исекеев қазақ ханы Қайып-Мұхаммед-Баһадүр ханның хатын қазан губернаторы П.М. Апраксинге жеткізді. Сол хатта былай делінген: «...Казань был Шигалея юрт, а Уфа была Гирея хана юрт, оба мусульманские юрты были, и вы иноверцы из мусульманского юрта подите вон и вы мусульманскую веру веруйте, а буде в мусульманскую веру не пойдете, давайте нам дани. А буде кто единому единому богу верует и пророкам ево и мусульманскому царю не покорится и те мусульмане будут такие же иноверцы и на втором пришествии в вечной муке».

«Мұсылман патшасы» ретінде Қайып хан өз ұлын Хазиды жіберді. 1709 жылдың ақпанында Ноғай жолының Юматы болысында йыйын (жиын) өтті. Башқұрттар Құран бетінде жаңа ханға ант беріп, Бошқортастанның азаттығы үшін күресті жалғастыруға серт берді.

Келесі 1735 жылғы башқұрт көтерілісі кезінде Орта жүз қазақтары башқұрттарға хат жолдады. Сол хатта қазақтар башқұрттарды қолдайтынын жазды. 1737-1738 жж. қазақтардың бір бөлігі көтеріліске қатысты. Орта жүз сұлтаны Барақ болса, өзінің Шығай деген ұлын жіберді.

1755 жылғы көтеріліс идеологы Батырша «патшалық қырғыз-қайсақтарды түгелдей жаулап алуға дайындалып жатқанын, сондықтан күннен-күнге олардың жеріне еніп, кірпіш құрылыстар мен бекіністерді салуда» деп қазақтарды ескерткен.

Оңтүстік болыстар башқұрттары қарапайым қазақтармен өзара әрекет жоспарын алдын-ала келістіріп алған. 1755 жылдың жазында көтерілістің алғашқы күндері 10 мыңнан астам башқұрт Кіші жүзге қашып келді.

Отбасыларын тастаған олар, қазақтармен бірге Башкортастанға жорықтар жасай бастады, Жайық пен Сібір шекара желілеріне шабуылдар жасады.

Бірақ Неплюев қазақ пен башқұрт одағын бұза алды. Губернатор Нұралы ханға қашқындарды өз тұтқындары деп есептеуге және оларды тонауға және өлтіруге рұқсат берді. Сонымен бірге, отаршылыққа қарсы болған халықтардың жақындауынан қорққан патша үкіметі 1747 жылы 11 мамыр жарлығы бойынша аралас некелерге тыйым салды. Мұхамед Рухани жиналысына қатысты 1830 жылғы 7 қазан Орынбор шекара комиссиясының ерекше экспедициясы 1737 жылғы және 1747 жылғы жарлықтарды растайды. Бірақ кейбір уақытта үкімет тыйымдары өз мақсаттарына жете алмай қала берді [1].

Қазақтар мен башқұрт қоғамдарының заттай өндірісінің негізін XVIII ғ. бойы мен XIX ғ. бірінші жартысында көшпелі мал шаруашылығы болды. Қазақ пен башқұрт мал шаруашылығында ортақ нәрселер көп. Ол мал құрамында, көшу жүйесінде, жайылымдарды реттеуде, малды бағу тәртібінде, қыстауларды құрастыруда және мал өнімдерін өндеуде өз сипатын тапты. И.Г. Георгидың пайымдауынша, қазақ пен башқұрттардың мал шаруашылығы жылқы, түйе, ірі қара мал, қой мен ешкілерді өсіруге негізделген. Көшу жүйесінде екі халықтың өзіндік ерекшеліктері де болды, мысалы, башқұрттарға вертикальды көшу сай болса, қазақтар меридиальды түрде көшіп-қонып жүрді.

Қазақ пен башқұрттардың көшпелі табиғи шаруашылықтың үстемдігі үй қолөнерінің сан-алуан түрлерінің пайда болуына әкелді: тоқымашылық, киіз басу, ағашты, теріні өндеу және т.б. Көшпелі шаруашылықтың ең көп санды бұйымдарының бірі текемет. Ол қазақтар мен башқұрттардың көшпелі өмір салтымен және негізгі баспанасы киіз үйдің болуымен түсіндіріледі. Текеметті киіз үйдің төбесіне, еденіне, қабырғасына жапты. Қолөнердің ерекше саласы күймелі арбаларды жасау болып табылды. Ұсталардың күміспен жұмыс жасауы кең таралған. Ұсталар күмістен айылбас, жүген, ер-тоқым және барлық ат әбзелдерін жасаған, сонымен бірге қалыңдықтар киетін бас киімді (*қазақта сәукеле, башқұртта кашмау*) епті етіп жасаған. Қазақ пен башқұрттардың әйел әшекейлерінің ерекшелігі

олардың барлығы күмістен жасалатыны болып табылады.

Сонымен, XVIII ғ. қазақ-башқұрт этномәдени өзара әрекеттерсүйін зерттеу келесі қорытындыға әкеледі. Қазақ пен башқұрт халықтарының қалыптасуына туыстық тайпалар мен рулар қатысты. Қазақ пен башқұрт ара қатынастары өте күрделі болды. Исет казактарына, орыстардың қорғаныс желісіне, қарсы біріккен жорықтар, некелік байланыстар өзара шабуылдар мен малды айдап салумен үйлесіп тұрды. Қазақтар талай рет башқұрт көтерілістеріне қатысты.

Қазақтар мен башқұрттардың этномәдени қатынастары революцияға дейінгі кезеңде де жалғасты. Ол екеуіне ортақ шаруашылық пен әлеуметтік өмірінде, тұрмыста, салт-дәстүр мен мәдениетте өз сипатын тапты. Бірақ, бұл қатынастар тарихи, әлеуметтік-экономикалық шарттармен анықталып, шектеліп қана қоймай, қоғамдық-саяси шарттармен да реттелді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Таймасов С.У. Башкирско-казахские отношения в XVIII веке. – М.: Наука, 2009. – С.31, 42.
- 2 Бикбулатов Н.В., Кузеев Р.Г. Этнические и культурные связи Казахстана и Башкирии в XVI–XVIII вв. // Навеки вместе. К 250-летию присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата: «Наука» Каз.ССР, 1982. – С.132.
- 3 Башкирские шежире / <http://shejere.narod.ru/>
- 4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі. – Алма-Ата: Жазушы, 1990. – С. 68.
- 5 Левшин А. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких орд и степей.–СПб., 1832.– С. 9-10.

Резюме

Данная статья рассматривает культурно-исторические отношения казахского и башкирского народа в XVIII веке, наличие одноименных этнонимов, участие казахов в башкирских национально-освободительных восстаниях и сходство материальной культуры.

Conclusion

This article examines the cultural and historical relations of the Kazakh and Bashkir people in the XVIII century. Namely, the presence of similar ethnonyms, participation of Kazakhs in the Bashkir national liberation revolts and the similarity of material culture.